

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.2, Ч.1 - С.9-10

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ САРЫАҒАШ АУДАНЫНДАҒЫ ҚЫЗАНАҚ КҮЙЕСІНІҢ ТАРАЛУЫ

Теміртай Б.

Кіріспе. Өсімдіктерді қорғау және карантин ауыл шаруашылығының маңызды саласына айналды. Себебі қазіргі уақытта адамдардың қызанаққа деген сұранысы өсуде. Басты мақсат біздің елімізді сапалы өніммен қамтамасыз ету керек. Сол себепті елімізде сапалы өнімдермен қамтамасыздандыру алға қойылған басты мақсат болып тұр.

Ауыл шаруашылығы – агроөнеркәсіптік кешеннің жетекші саласы. Оның өнеркәсіптен басты ерекшелігі – ол табиғатқа, ауа райына, топырақ жағдайына тәуелді. Саланың өндірісіне табиғи жағдайлар қатты әсер етеді. Құрғақшылық, аяз, қар басу, көктайғақ сияқты табиғи құбылыстар ауыл халқының егін өнімі мен мал басын сақтап қалуына қиындық туғызады.

Қазіргі кезде қызанақ, көкөніс дақылдарының ішінде маңызды жемістік көкөніс өсімдігі ретінде, маңызды орын алады. Қызанақ құнарлылығымен, өте дәмділігімен және жұғымдылығымен халықтың тағамға көбірек пайдаланатын көкөнісі болып табылады.

Қызанақ күйесі – жылыжай және ашық топырақта егілген көкөніс дақылдарының зиянкесі. Отаны Орталық Америка болып табылады. Алғашқы рет Еуропа аумағында, 2006 жылы Испанияда анықталды. 2010 жылдары Германия, Венгрия, Израиль, Түркия, Болгария, Кипр мемлекеттерінде анықтала бастады. Біздің мемлекетке шекаралас жатқан көрші елдердің барлығында – Ресейле, Қытайда, Иранда қызанақ күйесі карантиндік зиянкес болып табылады. Еліміздің Ақтөбе, ОҚО, ШҚО, Маңғыстау, Алматы Қызылорда облыстарында анықталған[1].

Санын анықтау. Қызанақ күйесі қызанақтың жапырақтарын миналап, жемістерінде тесіп зақымдайды. Қызанақ күйесі жапырақ мезофилласымен қоректенеді, минасы екі жақта болып, орталық камерасы жан жаққа саусақ сияқты іздер аппақ жібек сияқты болып көрінеді. Кейде жұлдызқұрттары эпидермисті кеміріп, миналарын тастап басқа да жапырақтар мен жемістерді зақымдайды[2].

Зерттеу нәтижесі. Аудан аумағында қызанақ күйесін мониторингтік зерттеу жұмыстары жалпы көлемі 185 гектарға жүргізілсе, оның ішінде жылыжай көлемі – 185 гектар, ашық егіс көлемі – 5 гектар, қоныстанғаны –

1,63 га (131 шаруа қожалықтары зерттелген, 4 залалданған). Мониторингтік жұмыстар 8 ауыл округтерде жүргізіліп, қазіргі кезде тек Жарты төбе ауыл округтерінде зиянкес анықталып отыр[3].

Қызанақ күйесі ауа температурасы 25-30 градус болған жағдайда жылына 10-12 ұрпақ береді. Аналығы 250-300 данаға дейін сала алады. Жұмыртқа салғаннан кейін 4-6 күнде жұлдызқұрттар шыға бастайды. Жұлдызқұрттар 10-12 күннен соң қуыршақтану кезеңіне өтеді. Зиянкес жұмыртқа, қуыршақ және көбелек кезеңінде қыстай береді.

Көктемгі, әсіресе, сәуір айындағы ауаның жылылығы 9 °С градустан жоғарылаған кезде ұшып шыққан көбелектер шағылысқаннан кейін өсімдік жапырақтарының ішкі жағына 250-300 данаға дейін жұмыртқа салады. Жұлдызқұрттар жұмыртқадан 4-6 күнде шығады. Жұлдызқұрттардың даму ұзақтығы ауа температурасына байланысты, +17-24 °С градуста — 15 күнде, ал +22-27 °С градуста 10-12 күнде дамып, қуыршақтануға кетеді. Осылайша жұмыртқадан екінші ұрпақтың көбелегі шығу аралығы 22-30 күнді құрайды.



Сурет 1. Қызанақ күйесінің залалдауы

Кесте 1 - Сарыағаш ауданы бойынша қызанақ күйесіне жүргізілген мониторингінің мәліметі

| № | Агроқұрылым атауы | Зерттелген күндер | Зерттелгені нақты (га) | Залалданған ы (га) | Хим. өндеуге жататын көлем (га) |
|---|--------------------|-------------------|------------------------|--------------------|---------------------------------|
| 1 | «Савридинов С» ш/қ | 18.05 | 0,80 | 0,40 | 0,40 |
| 2 | «Сарыбаев Т» ш/қ | 18.05 | 0,50 | 0,50 | 0,50 |
| 3 | «Маиисов И» ш/қ | 18.05 | 0,25 | 0,25 | 0,25 |
| 4 | «Нажемеддин» ш/қ | 18.05 | 0,48 | 0,48 | 0,48 |
| | Барлығы: | | 68,66 | 1,63 | 1,63 |

Зерттеу барысында қызанақ жылыжайындағы қызанақ күйесінің морфологиялық және биологиялық ерекшеліктері, сондай-ақ осы шаруашылықтағы олардың даму фенологиясы зерттелді.

Аудан аумағында қызанақ күйесін мониторингтік зерттеу жұмыстары жалпы көлемі 185 гектарға жүргізілсе, оның ішінде жылыжай көлемі – 185 гектар, қоныстанғаны – 1,63 га (131 шаруа қожалықтары зерттелген, 4 залалданған). Мониторингтік жұмыстар 8 ауыл округтерде жүргізіліп, қазіргі кезде тек Жарты төбе ауыл округтерінде зиянкес анықталып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1. А.О.Сағитов, Қ.М.Мұсынов, А.Ж.Ағыбаев, З.Ш Сулейменова., Ш.Ш.Бекенова. Өсімдік карантині/ -Астана. С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ баспасы, 2018.-256 б.
2. Desneux N., Tabone E. Result and start-up of integrated protection against Tuta absoluta in France. Phytoma Espana.-N 217.-2010. - P. 114-115.
3. ҚР АШМ АӨК МИК «РФДжБӨО» РММ Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы филиалының жылдық есебі.-Сарыағаш, 2020.-80б.